Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

19 қаңтар сейсенбі

№5 (1707)

2021 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

11-ші Үкіметке тағы да сенім арттық

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

«Үкімет заң бойынша отставкаға кетуі тиіс» деді Президент сайлау күні. Елге сайлауда қай партияның жеңіске жеткенінен бұрын, сайлаудан кейін Үкіметке енді кім келер екен деген сауал қызық болды.

Келер айдың 25-ші жұлдызында Үкімет басшысы қызметіне кіріскеніне толық екі жыл толатын Асқар Мамин өткен жұмада таңертең қызметінен кетіп, түстен кейін қызметіне оралды. Анығын айтқанда жетінші шақырылған Парламент Мәжілісінің алғашқы отырысында Мемлекет басшысы Үкімет жетекшілігіне Асқар Маминнің кандидатурасын ұсынды. Дауыс беруге төменгі палатаның 99 депутаты қатысып, оның 78-і бұл ұсынысты қолдады. Нәтижесінде Үкімет басшысы болып Асқар Мамин қайта сайланды. Жалпы екі жылға жуық Үкімет басқарған Асқар Мамин бұған дейін қандай ісімен ел есінде қалды? Қайта сенім артудың себебі неде?

Аслан Мамин – Тәуелсіз Қазақстан Үкіметін басқаруға келген 11-ші адам. Бір айтарлығы, ол жайбарақат уақытта тағайындалған жоқ. Қақаған қыс мезгілінде, сарышұнақ аязбен қоса шешімін таппаған әлеуметтік мәселе қысылып тұрған сәтте келді. Ел астанасында бір отбасындағы 5 сәбидің ажал құшқаны қоғамда шешімін таппаған мәселені анық көрсетті. Халықты бей-жай қалдырмаған осы бір жағдайдан соң Үкімет ауысты. Қызметіне кіріскен сәттен бастап Премьер-министр Асқар Маминге жүктелген тапсырма – халықтың әл-ауқатын көтеру. Бір сөзбен айтқанда қоғамның бітеу жарасы пісіп жетілген тұста келген премьер-министрге жүктелер жүк жеңіл болмады. Бұған дейін саясаткерлер «мықты менеджер, стратег, мінсіз атқарушы» деп баға берген Асқар Мамин үшін Үкімет орынтағына отырған күннен бастап төтенше оқиғаға толы күндер басталды...

2 БЕТТЕ

ТУ ҰСТАП ҰРАНДАТТЫМ, БІЛСІН ДЕП ӨЗГЕЛЕР АЙБЫНЫМДЫ

Жарасхан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ

Атам заманда қолға үйретіліп, адамзат баласының қажетіне жараған жылқы түлігі – көшпенділердің ең қасиетті әрі ең қадірлі малы. Көшпенділерді жылқы малынсыз елестету әсте мүмкін емес. Сондықтан да көшпенділер мен жылқы егіз ұғымдай қосарланып айтылған. Тіпті көшпенділер қауымын «аттылар әулеті» деп бекерден бекер айта салмаса керек. Өйткені ұланғайыр даланың, ұлан байтақ өлкенің ұлы тұрғындарының тыныс-тіршілігі, өмір-салты, өнер-білімі, әдет-ғұрпы, салт-санасы, салтанаты, бір сөзбен айтқанда бүкіл мәдениеті жылқымен байланысып жатады.

4 БЕТТЕ

ТӘУЕЛСІЗДІК – ТҰҒЫРЫМ

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

«Өткенсіз – бүгін жоқ, бүгінсіз – ертең жоқ» демекші сәл кейінге көз жүгіртіп көрейікші. Қазақ халқы бүгінгідей мамыражай күнге бір күнде жеткен жоқ. Бұған дейін небір нәубет жылдарды басынан өткерді. Соқтықпалы сүрлеу жолдармен жүрді. Азаттық деп қаншама ата бабаларымыз алтын басын бәйгеге тікті. Атаның қаны, ананың жасымен жеткен тәуелсіздікті көздің қарашығындай сақтай білу ләзім.

Биыл осы ұлық мерекемізге 30 жыл толып отыр. Бұл – ел үшін ең жоғары мерейтой. Егемен ел атанып еңсе тіктедік. Өз алдына дербес мемлекет қалыптастырдық. Осы отыз жылда жалпақ әлемге Қазақстан деген мемлекет барын таныттық.

30 жыл тарих үшін аса ұзақ уақыт емес. Дегенмен адам өмірімен салыстырып қарасаңыз, «орда бұзар» жас өткеніне есеп беріп, келешегіне болжам жасай алатын жас.

Егемен еліміз осы жылдар бедерінде бұрын – соңды болмаған жетістіктерге қол жеткізгенін айта кету керек. Шекарамыз шегенделді. Елтаңбамыз елдігімізді айқындап, көк байрағымыз көк аспанда желбіреді. Әнұранымыз әлем аспанында шырқалды. Осылайша тәуелсіздігіміз Алаш елінің мың жылдардан келе жатқан арманын орындады.

Түп тамыры ежелден бастау алған қазақ халқы өз тағдырында Жұбан ақын айтқандай, «мың өліп, мың тірілген» ел. Сондай қиын кезеңдерді көзбен көріп, басынан кешсе де өз дәстүр-салтын, әдет-ғұрпын ұмыт қалдырмады. Еркіндік сүйген еліміз бір қуаныштың боларын білді. Сол жолда жігерін жаныды, қайратына мінді. Мұның барлығы сайып келгенде қазақтың қайсарлығы.

Қазақ мемлекетінің негізі сонау Сақ заманынан басталып, ғұн, қаңлы, қыпшақ дәуіріне дейін жалғасқанын тарихтан білеміз. Бертін келе Ақ орда мен Қазақ хандығының жалғасы – бүгінгі тәуелсіз Қазақстан мемлекеті.

Қазақ елінің еркіндігі мен тәуелсіздігі үшін болған көтерілістер тарих сахнасында сайрап тұр. Солардың бірі Сырым Датұлы, Кенесары Қасымұлы, Махамбет Өтемісұлы мен Исатай Тайманұлы бастаған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі. Сонымен қатар «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» заманынан бастап, қынадай қырылған 1930-1933 жылдар тарих бетінен ұлт болып жойылып кету қаупі төніп тұрған кезеңдер еді. Алайда бойымызға біткен қайсарлығымыз бен ертеңгі күнге деген сеніміміздің арқасында осы күнге жетіп отырмыз. Осындай ел қорғауды ұран еткен ерлеріміз ел құрметіне бөленіп есімдері алтын әріппен тарихта қалды.

Тәуелсіздік үшін ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен елін, жерін қорғаған бабалар рухынан қуат алған 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы қазақ халқының қасіреті де, қасиетті жылнамасы болды. Желтоқсан жаңғырығы бізге Тәуелсіздік таңын тарту етті.

Қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған арманы жүзеге асты. Дүние дидарына жаңа мемлекет – Тәуелсіз Қазақстан келді. Қазақстан қаншама қиындықтарға жолықса да тастай берік төзімділіктің арқасында, жалпақ әлемге өзінің өршіл үнін естіртіп, өркениет көшіне ілесті.

«Тәуелсіздіктің бір ғана жетістігін Қызылордадан көруге болады» деген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзі бар. Расыменде бүгінде шаһарымыз жыл сайын жаңарып, жаһандану дәуіріне ілесіп ілкімді істер легі атқарылып жатқаны көз қуанышымызды еселеуде. Аймағымызда атқарылған істер аз емес, әлі де жасалатын жұмыстар жеткілікті.

Біздің тірегіміз – Тәуелсіздік, тілегіміз – тұрақтылық, білегіміз – бірлік. Бұл қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі.

Мақаламды мемлекет басшысы Қасым – Жомарт Тоқаевтың сөзімен қорытындылағанды жөн көрдім. «Ұлтымыздың ұлы ұстыны – қастерлі Тәуелсіздігіміз барша жұртымыздың патриоттық рухымен асқақтай бермек».

Тәуелсіздіктің баянды болашағы халықтың саны мен сапасына тікелей байланысты. Тұрғын саны мемлекеттің саяси аренадағы салмағын еселеп ғана қоймайды, жаңа деңгейге көтерілуіне жол ашатыны сөзсіз. Тіпті бірқатар елдің азшылық қауымға өктемдік көрсетуі, барын талан-таражға салуы да көптігіне сенгені, ұлтының табиғи өсіміне арқа сүйегені емес пе? Сондықтан қазақты да сыртқы күштен қорғайтын көрінбес қалқаны – халық саны.

Ерсін БАЛТАБЕКҰЛЫ

ХАЛЫҚ САНЫ: Қазақ көбейді ме?

Парламент сайлауы кезінде де нәрестелердің туу көрсеткіші барлық өңірде айтарлықтай артқан. Бір күннің ішінде Нұр-Сұлтан қаласында – 69, Алматы облысында – 94, Түркістан облысында – 135 және Маңғыстау облысында 49 шақалақ туған. Қызылорда облысында да өткен жыл осы мазмұндас жаңалығымен есте қалды. Жылжабар 31-желтоқсан күні сағат 08:00-ден 1 қаңтар сағат 08:00-ге дейін 68 нәресте дүниеге келген. Олардың 35-і ұл, 33-і қыз бала екен.

2 БЕТТЕ

ҚОЛТАҢБА

АКАДЕМИК

Әзиз ЖҰМАДІЛДӘҰЛЫ

Әлем мойындаған математик, айтулы ғалым, бірнеше тілде еркін сөйлейтін полиглот, Ұлттық ғылым академиясының академигі, аты жер-жаһанға әйгілі жерлесіміз Асқар Жұмаділдаевты білмейтін адам кемде-кем. Ол – күрделі ғылым саласының білгірі әрі ғалым ретінде жұртты мойындатқан жан. Математик озық ойларымен, жаңашыл істерімен, ұтымды ұсыныстарымен көпшілік арасында кеңінен танымал. Әлем ғылымында өзіндік қолтаңбасы бар жерлесімізді оқырманға таныстыру артық болар. Дегенмен, Сыр өңірінде өмірге келіп, қазақ ғылымында, руханиятында, қоғамында өзіндік із қалдыра білген математиктің ғұмырын сөзбен өрнектегенді құп көрдік.

БАЛА КҮНГІ АРМАН

Белгілі қазақстандық ғалым, қоғам қайраткері, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, академик Асқар Серкұлұлы Жұмаділдаев 1956 жылы 25 ақпанда Шиелі ауданында өмірге келген. Оның атасы Шоң өңірге белгілі адам болған. Шоңның Сырдария өзенінің бойындағы Көтентоғай деген жерде үлкен үйі болған екен және болыс қызметін атқарған. Күштеп ұжымдастыру кезінде Шоңның ұрпақтары қуғын-сүргінге ұшырап, барлық мүлкі кәмпескеленеді. Асқардың атасы Жұмаділдә бала-шағасын алып, Өзбекстанға қашуға мәжбүр болады. Сталин қайтыс болған соң бұл отбасы Қызылорда облысына қайтып келеді. Алайда Жұмаділдәнің Өзбекстанда туған немерелерінің барлығының ғұмыры қысқа болады. Қазақстанға қайтып келгеннен кейін туған алғашқы немересі Асқар Жұмаділдаев екен. Қазақ дәстүрі бойынша Асқарды атасы бауырына басады.

Өмір осылай өте береді. Асқар да мектеп жасына жетеді. Ол 1962 жылы №299 теміржол төртжылдық бастауыш мектебінде оқыды. Қазір бұл білім ошағы Шиелідегі ең үлкен мектептердің біріне айналды. Ол №219 Ы.Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебі деп аталады. Онан соң 1966-1969 жылдары №45 Октябрьдің 14 жылдығы атындағы қазақ орта мектебінде білім алды.

Бала күнімде Шиеліге қарасты Ақмая ауылынан аудан орталығына көшіп келдік. Сол кезде мені №219 Ыбырай Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебіне алып барған анам: «Балам, мынау – Асқар Жұмаділдаев оқыған мектеп. Енді сен де осында білім аласың. Байқа, бізді ұятқа қалдырып жүрме» деп айтқан еді. Есейе келе академиктің мен күнде өтетін Амангелді көшесінде тұрғанын білдім. Жоғары оқу орнын аяқтап келген соң аудан орталығындағы №45 «Ақ орда» мектеп-гимназиясына қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып жұмысқа орналастым. Бұл білім ордасындағылар Асқардай азаматтың өздерінде оқығанын мақтаныш тұтады. Бұл жердегі ұстаздар мектеп қабырғасында Асқар ағамыздың дарындылығымен ерекшеленгенін әрдайым айтып отыратын. Қали Дүйсеманов: «Асқардың қойған сұрақтарына нақты жауап беру үшін көп мұғалімдер оның оқитын сыныбына дайындықсыз бармаған. Тіпті білмейтіндерін бірінен-бірі сұрап отыратын кездер болды» деп еске алатын. Оқушы Асқар білсем деп құмартып тұрады екен. Бұл туралы жазушы Қуандық Түменбай: «Қағілез бала қарап жүрмей, айналасына терең көз салып жүрді. «Әр төбесін басқанда бір ертегі шертетін» Сыр даласындағы төбешіктерді зерттегісі келді, ауылға жақын Сығанақ қаласы туралы көнекөздерден сыр тартып, «Қазақ» сөзі қайдан шықты?» деп «Қазақстан пионеріне» мақала жазды. Математикаға алғыр бала тарихқа да ерекше құмартты, өлең де жазды. «Басқаның бәрін білгенмен, тарихты білмей толыққанды азамат бола алмайсың» деген сөз де жүрегін толқытты. Сөйтіп жүргенде жас математиктердің облыстық олимпиадасында жеңімпаз атанып, Киевтегі Бүкілодақтық олимпиадаға қатысып, арнайы жүлдемен оралды. «Лениншіл жастың» бетіндегі мектеп оқушыларына арналған есепті түгел шығарып, газеттің де жүлдесін жеңіп алды», – деп жазады.

Асқар ағамыздың өмір жолына үңілсек, ол кісі 1970-1972 жылдары Алматыдағы №56 Сәтпаев атындағы физика-математика мектеп-интернатында оқыды. Кейін физика-математика класы негізінде жаңа мектеп ғимараты салынып, республикалық физика-математика мектебі болып қайта құрылды. Мектепте жүргенінде талай қалалық, республикалық және бүкілодақтық физика-математикаға қатысты жарыстарға қатысып, жүлдегер атанды. Осылайша бала күнгі арман бірте-бірте шындыққа айналып, ғылым жолына бет бұрды.

3 БЕТТЕ

11-ші Үкіметке тағы да сенім арттық

Көп ұзамай ел бойынша көпбалалы отбасылар, табысы аз азаматтар тізімге алынып, атаулы әлеуметтік көмек, көпбалалы отбасыларға арналған жәрдемақы тағайындалды. 11-ші Үкіметтің халықтың әл-ауқатын жақсарту мақсатында жасаған алғашқы қадамы осы болды. Әрине, мұқтаждың жағдайын жасау оңай болған жоқ. Табысты есептеу дегенді үйдегі бар мүлікті түгендеу деп түсінген өңірлердегі жіберілген қателіктер, кемшін тұстар, айтылған сын аз болмады. Халық үшін де, Үкімет үшін де оңай болмаған жұмыс. Үкімет мұқтаждықты масылдыққа ұластырып алмауға тырысты. Ал халық арасында тегін ақшаны алып қалуға тырысқан пысықайлардың «пысықтығы» да көрініп қалды. Айтып-айтпай не керек, бұл мәселе қоғамда әбден сыналды, түзелді, соңында орындалды.

Атап айтқанымыздай, Аслан Маминнің екі жылға жуық уақытында жаймашуақ күндер аз болды десек артық емес. Премьер-министр қызметіне кіріскен алғашқы жылы, яғни 2019 жылдың 24 маусымындағы Арыстағы апат Үкімет үшін де үлкен сын болды. Жедел шешім қабылдау, елмен бірге болу, ел мүддесіне қызмет ететін кез. Сын сәтте асып-сасқандар да, сөзден сүрінген министрлер де болмай қалмады. Сол кездегі Қорғаныс министрі Нұрлан Ермекбаев мұны табиғи апат деп бағалап, елден кешірім сұрауға арланған сөзі үшін Мемлекет басшысынан қатаң сөгіс алды. Көпбалалы аналардың жайы, Арыстағы апат бір жыл үшін аз жүк емес екені белгілі. Алайда бұл жылдың сынағы мұнымен бітпеді. Жыл аяқталар сәттегі ұшақ апаты да қоғамдағы тағы бір мәселені ашып көрсетті. Адам өлімі, тексерусіз, ескерусіз қалған әуе компаниялары жіберген кемшіліктер бұл саланы әлі де жіті зерттеуді, талап етуді қажет етті.

Қош, Асқар Мамин Үкіметінің алғашқы жылы осылайша әбігерге толы оқиғалармен өтсе, екінші жылдың «сыйы» да аз болған жоқ. 2020 жылдың ақпаны Қордайдағы тәртіпсіздікпен басталып, бұл жағдай Бердібек Сапарбаевты министрліктен Жамбыл облысына әкім етіп тағайындауға шешім қабылдаумен аяқталды. Өткен жыл әбігері мұнымен аяқталған жоқ. Қытайдың Ухань қаласынан басталған коронавирус инфекциясы қазақ елін айналып өтпеді. Төтенше жағдай, ауырған ел, дертке дауа іздеген халық, бір жұтым ауаға зар болған жағдай ел басындағы ауыр сынақ болды. Бұл сын қоғамның бетпердесін айқын көрсетті. Цифрландырудың кемшін тұстары, денсаулық саласындағы кем-кетік және басқа да өзекті мәселелер айқын көрінді. Нәтижесінде қос саланың да министрі қызметімен қош айтысты. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі болып кешегі күзде тағайындалған Бағдат Мусин – Үкіметтегі ең жас министр. Ал қызметімен қош айтысқан Елжан Біртановтан соң Денсаулық сақтау министрі болып тағайындалған Алексей Цой елде вирустың нағыз өршіген кезіне тұспа-тұс келді. Қос министрдің саласында атқарылғаннан атқарар шаруа көп екені түсінікті де.

Пандемия салдарынан жұмысынан айырылған ел үшін сол сәтте қабылданған шешім – табысынан айрылғандарға арналған 42500 теңге көлеміндегі жәрдемақы. Бұл қиын сәтте аз да болса сеп болды. Осы сәттерде қоғамда жәрдемақы алу жайы көп талқыланып, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің жұмысы көрінді. Елдің көп сауалына ынты-шынтысымен жауап беріп, тіпті жәрдемақыны уақытында беруге үлгермей жатқаны үшін халықтан кешірім сұрағаны да Үкімет пен халық арасын жақындата түсті. Сын сәтте елдің жанынан табылған министрлер қатарында Білім және ғылым министрі Асхат Аймағанбетов те бар. Төтенше жағдай кезінде (әлі де) онлайн оқудың машақатынан қиналған ата-ана, оқушы, мұғалімнің басындағы жағдайды түсініп, әлеуметтік желі арқылы әрбір жағдайға үн қатып отырған министрдің әрбір сөзі «халық үнін естиитін Үкімет» бар екенін сезіндірді. Тіпті әлеуметтік желі арқылы мектебін сағынып жылаған баланы да жұбата білген Аймағанбетов білімімен де, білігімен де сын сәттерде Үкіметтің атына кір келтірмеді. Тағы бір атап айтарлығы, білім және ғылым министрінің Әліппені қайтаруы қоғамды шын қуантты.

Коронавирус инфекциясымен бірге елді әбігерге салған тағы бір оқиға – Түркістан облысы Мақтарал ауданындағы жағдай. Су басқан елдің жайы, көмек беру, халықтың үнін есту, шешім қабылдау – Аслан Мусин Үкіметі үшін сындарлы сәттің бірі.

Асқар Мамин тұсында елдегі қарқынды жүзеге асқан «Жұмыспен қамтудың жол картасы 2020» бағдарламасы болды. Аймақтардың жолдарын түзеген, халыққа табыс көзі болған бағдарламаның қиын сәттерге қарамай жүзеге асуы елдің екі қолға бір жұмыс табуына және өңірлерде инфрақұрылымды жақсартуға оң әсерін тигізді. Сандарды сөйлетсек, өткен жылы «Жұмыспен қамтудың жол картасы», «Еңбек» және басқа да мемлекеттік бағдарламаларды қоса алғанда, жұмыспен қамту жөніндегі іс-шаралармен 1 млн 390 мың адам қамтылса, оның ішінде 730 мыңы тұрақты жұмысқа орналасқан. Сонымен қатар тұрғын үй құрылысы да бәсеңдеген жоқ. Атап айтқанда өткен жылы құрылыс салу көлемі 12,5 процентке артқан. Пайдалануға берілген тұрғын үй көлемі 14,5 процентке немесе 15 млн шаршы метр баспана тұрғындарға берілді.

Елбасы Н.Назарбаев қиындықтарға қарамастан Үкіметтің жақсы жұмыс атқарғанын атап айтқан болатын. Қысылтаяң шақтарға толы екі жылда ел бірлігіне сызат түсірмей, дағдарып қалмай қызмет еткен 11-ші Үкіметке тағы сенім артты. Бұл – Үкіметтің екі жылға жуық қызметіне берілген баға.

Бет қатталып жатқанда: Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің жаңа құрамын бекітті. Жаңа құрамда жаңарған екі министр ғана. Атап айтқанда Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі – Серік Шәпкенов, Ұлттық экономика министрі Әсет Ерғалиев болды. Өзге министрлер орнында қалды.

Басы 1-бетте

ХАЛЫҚ САНЫ: Қазақ көбейді ме?

Осы орайда соңғы жылдары халық өсіміне қатысты ресми деректер көңілге демеу болуда. Мәселен, жақында ғана 2020 жылы дүниеге келген нәрестелер саны рекордтық деңгейге жетті деген хабар тарап, бар қазақ сүйінші сұраған еді. Оған себеп Статистика комитетінің Қазақстандағы демографиялық ахуал жылдан-жылға жақсарғанын және елдегі халық саны 19 млн адамға жуықтаған туралы мәлімдемесітұғын. Әсіресе оңтүстік өңірдегі халықтың көбейіп, табиғи өсім бойынша көш бастағаны қуантты.

Сонымен қатар өткен жылы туу көрсеткішіне байланысты 33 жыл бойы өзгермеген рекорд жаңарғаны белгілі болып, ел мерейі тасығанын білеміз. Бұрын бір жылда дүниеге келген сәбилер саны бойынша 1987 жылды жемісті шақ деп қарасақ, өткен жыл ол межеден асып түсті. Мысалы 1987 жылы 417 мың шарана дүние есігін ашса, өткен жылы 420 мың сәби

өмірге келген. Бұл тәуелсіздік шеңберіндегі ең айтулы жаңалық екені анық. Себебі бір сәби дүниеге келсе, бір түп жусан артық шығатынын ертеден білген қазақ қоғамы ырыс-несібені жас ұрпақтан іздеген емес пе? Келешектің тұтқасы санап, үміті мен сенімін, аманаты мен тарихын ұлы белеске жетелейтін ұрпаққа көп сенім артқан.

Парламент сайлауы кезінде де нәрестелердің туу көрсеткіші барлық өңірде айтарлықтай артқан. Бір күннің ішінде Нұр-Сұлтан қаласында – 69, Алматы облысында – 94, Түркістан облысында – 135 және Маңғыстау облысында 49 шақалақ туған. Қызылорда облысында да өткен жыл осы мазмұндас жаңалығымен есте қалды. Жылжабар 31-желтоқсан күні сағат 08:00-ден 1 қаңтар сағат 08:00-ге дейін 68 нәресте дүниеге келген. Оларлың 35-і ұл, 33-і қыз бала екен.

Не де болса, қазақтың көбейгені елге құт және болашаққа деген сенімді күшейтеді. Ендігі міндет көпбалалы аналарға жәрдемді арттыру, баспанамен қамту деңгейін көтеру екені даусыз. Сонда ғана өткен жылғы рекордтың жаңаратын сәті жуықтары белгілі.

Басы 1-бетте

ЖҮЙЕЛІ ЖОСПАР ТАБЫСҚА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың VII шақырылымдағы Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзі көптеген саланың дамуына тың серпін сыйлары сөзсіз. Себебі ел Президенті мемлекеттік басқару саласын оңтайландыру, азаматтық қоғамды дамыту секілді түрлі тақырыптағы өзекті мәселелерді көтеріп, шешу механизмін де ұтымды ұсына білген.

– Біз құқықтық мемлекетті дамыту және азаматтардың билік органдарына сенімін нығайту үшін бар күш-жігерімізді жұмсауымыз керек. Бұл – өте өзекті міндет. Соған орай мемлекеттік басқарудың жаңа моделін енгізу айрықша маңызды. Осы бағыттағы реформалар жүйені байыппен орталықсыздандыруды, мемлекеттік аппаратты жаңғыртуды, квазимемлекеттік секторды оңтайландыруды және барлық үдерісті цифрландыруды қамтиды. Сол арқылы мемлекеттік аппарат барынша ықшам, ашық әрі тиімді, ал шешім қабылдау үдерісі икемді және айқын болады, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар жиында ауыл әкімдерін сайлау негізінде тағайындау жүйесін енгізу бастамасы да естілді. Мемлекет басшысы ауыл әкімдерін сайлау өзін-өзі басқару жүйесін жетілдіретініне сенім білдірді.

– Тағы бір маңызды қадам – ауыл әкімдерін сайлау. Биыл жекелеген ауылдық округтерде сайлау өтеді. Біз жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін ең төменнен бастап нығайтуды көздеп отырмыз. Бұл – өте маңызды мәселе. Сондықтан алдағы уақытта ауыл әкімдерін сайлағаннан кейін аудан әкімдерін сайлауға көшуге болады, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Сондықтан ел Президентінің кезекті мәлімдемесі тек мемлекеттік басқару құрылымының ғана емес, барлық саладағы күрмеулі мәселенің шешіміне жол бастап, дамудың жаңа бағдарына айналарына сенім мол.

Ибадулла ҚҰТТЫҚОЖАЕВ,
Қызылорда қалалық мәслихатының хатшысы

ДЕНСАУЛЫҚ

COVID-19: ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ КҮРДЕЛІ

Әлемді әбігерге салған коронавирус індеті тағы да күрделенді. Күн санап вирусты жұқтырғандар саны көбеюде. ҚР Денсаулық сақтау министрлігі 18 қаңтарда өңірлердегі эпидемиологиялық ахуалды хабарлады. Ақпаратта Қазақстанның Ақмола, Қостанай, Павлодар, Атырау облысы мен Нұр-Сұлтан қаласы «қызыл» аймақта. «Сары» аймақтың ішінде Алматы, Қарағанды, БҚО мен СҚО бар. Өзге өңірлер вирустың таралуы бойынша «жасыл» аймақта. Жалпы еліміз коронавирус бойынша «сары» аймақта тұр.

17 қаңтардағы ақпаратта бір тәулікте Қазақстанда 1003 адам коронавирус инфекциясын жұқтырса, оның 5-і Қызылорда облысында анықталған. Өңірлік Коммуникациялар қызметінің хабарлауы бойынша сол күні аймақта 11 науқас емделіп шыққан. Негізінен өңірде коронавирус инфекциясымен тіркелген науқастар саны – 3488, ал айығып шыққандар – 3392-ге жеткен.

Қазіргі таңда инфекциялық стационарда 25 науқас ем қабылдап жатыр. Ал вирус жұқтырғандармен байланыста болғандар саны – 14 929 болса, тікелей қарым-қатынас 12 181 және ықтимал қарым-қатынас 2 748. 17 қаңтарда зертханаға 251 адам ПЦР-тест тапсырып, оның 228-нің нәтижесі шыққан. Эпидемиологиялық маусым басталғалы 181 171 сынама тапсырылып, 31 857 қалдық тест қалған.

ҚР ДС министрлігінің санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті таратқан ақпаратта өңірде тіркелген деректердің 2145, яғни 61,6 пайызы Қызылорда қаласына тиесілі. Скринингтік тексеру нәтижесінде 57,7 пайызы анықталса, 39,9 пайызы қарым-қатынас болып және 2,4 пайызы сырттан тасымалданған болып есепке алынған.

Жалпы облыс бойынша тіркелген науқастар ішінде айлық нәрестеден бастап 99 жастағы қарттар да бар. Вирус көбіне 20-69 жас аралығындағылардан анықталғанмен, 70-79 жастағы егде кісілердің арасында да жиі кездесуде.

Сонымен қатар Қызылорда облысында осы кезге дейін 2176 ошақ анықталып, барлығына залалсыздандыру жұмыстары мен індетке қарсы профилактикалық шаралар жүргізілген. Вирусты жұқтырғандармен қарым-қатынаста болған адамдардың да барлығы жергілікті емдеу-сауықтыру мекемелерінің 14 күндік бақылауына алынған.

Денсаулық сақтау министрлігінің 18 қаңтардағы мәліметі бойынша елде 24 875 науқас Covid-19 вирусынан емделіп жатыр екен. Оның 13 180-і КВИ+ яғни ПЦР тесті оң нәтижені көрсеткендер болса, 11 695 КВИ- пневмониямен ауырып жатқандар. Олардың ішіндегі 6 570 пациент стационарда, 18 305 науқас амбулаториялық деңгейде ем қабылдау үстінде. Бүгінгі таңда 294 адам ауыр жағдайда жатыр және 40 адам ӨЖЖ аппаратына қосылған. Сондай-ақ КВИ+ пен КВИ-шалдыққандардың арасында 60 пациенттің жағдайы өте ауыр деңгейде.

Коронавирус бойынша әлемдік ахуал да жақсы деңгейде деуге келмейді. Мәселен, Бельгияның Батыс Фландрия ауданында Covid-19-дың британдық штаммы тіркелген. Хаутхульстта 128 адам вирустың мутацияланған түрін жұқтырған. Әзірге мұндай вирусты жұқтырғандар аз болса да, рождестволық мерекеге келген шетелдіктер оның таралуына ықпал етуі мүмкін деп алаңдауда.

Ал Бразилияда коронавирус инфекциясын жұқтырған науқастарға оттегі жетіспей жатыр. Манаус қаласында вирус жұқтырған науқастардың туыстары ұзын-сонар кезекте тұрып, ауруханаға оттегі баллондарын тасуға мәжбүр. Мемлекет басшысы Джейр Болсонару мұндай проблема бар екенін мойындап, биліктің қолынан келгенше көмек беріп жатқанын айтты.

Сонымен қатар өткен аптада БҰҰ Бас хатшысы дүние жүзінде Covid-19 вирусын 2 млн адам жұқтырғанын хабарлап, вируспен күресті күшейту керек екенін ескерткен болатын. Бас хатшы экономикасы мен әлеуеті жоғары елдер вакцинаны көптеп алса, кедей елдерде керісінше жағдай орын алып жатқанын айтты. Оның үстіне асығыстық танытып, вакцинаны артығымен сатып алған елдер де бар екенін тілге тиек етті. Сол себептен вируспен барлық ел бірігіп күресу керек деді.

Қысқасы, эпидемиологиялық ахуал тағы да күрделенді. Індеттің алдын-алу үшін сақтық шарасын қатаң сақтау маңызды екені сөзсіз. Өткен қателіктен сабақ алып, вирустың алдын алуға өз үлесімізді қосу маңызды.

Аслан НҰРАЗҒАЛИ

«Мектеп – кеме, білім – теңіз», Анығында ақиқаты осы. Ұстаз ұлағатынан тәлім алмаған адам жоқ. Кім болса да білім ұясынан сіңірген өнегесін өмір өзегіне айналдырып келеді. Өйткені бала кезде бойына сіңірген ұстаз үрдісі адамның шырақшысына айналады. Біз аялдаған Тасбөгет кентіндегі Нәлқожа Ергешбаев атындағы №172 орта мектебінде осындай оқу үрдісі көптен қалыптасқан.

Бүгінде бұл білім ордасында 669 оқушыға 82 мұғалім дәріс беріп келеді. Жаңа технологиямен жабдықталған білім ордасы соңғы үлгідегі оқу процесіне көшкен.

ЖАҢА ЖҮЙЕГЕ БЕТ БҰРҒАН БІЛІМ ОРДАСЫ

ІЛГЕРІДЕН БАСТАЛҒАН ІРГЕЛІ БІЛІМ ОРДАСЫ

Іргесі сонау 1948 жылы қаланған білім ордасы бүгінде дамудың даңғыл жолына бет бұрған. 1978 жылы №11 қазақ орта мектебі болып ашылып, 1176 бала қабылдады. Кейіннен бала санының көбеюіне байланысты сол кездегі халық қалаулыларының ұсынысымен жаңа мектеп ашу жөнінде ұсыныс айтылып, 8 жылдық мектеп құру туралы аудандық кеңес комитетінің шешімі шығады. Сөйтіп 1978 жылы 12 қарашада №11 қазақ орта мектебінен бөлінген 8 жылдық қазақ мектебі ашылды. Жаңа оқу жылында ата-аналар өтінішімен 8 жылдық мектеп орта мектепке айналды. 1978-1979 оқу жылында №172 қазақ орта мектебі болып қайта құрылды. Облыстық білім басқармасы мектепке «№172 қазақ орта мектебі» деген атау беріп, оны 1978-1990 жылдар аралығында Данияр Бодықов басқарды.

Өз дәуіріне орай бейімделген білім ордасына бертін келе Әуезхан Рахманқұлов, Ақшекен Тілеуова, Рахымбек Башаев, Болат Шораев жетекшілік жасап, шәкірт тәрбиелеу жолында үлкен үлестерін қосқан еді.

Білім ордасы «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында 300 орындық заман талабына сай, заманауи технологиялармен жабдықталған жаңа оқу ғимаратына ауысты. Мұнда балалардың алаңсыз білім алуына барынша жағдай жасалған. Атап айтар болсақ 188 орындық асхана оқушыларды үш мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етіп отыр. 90 орындық АКТ залда мектепішілік түрлі тақырыптағы іс-шаралар өткізіліп тұрады. Спорт залда оқушылардың сабақтан тыс уақытта келіп спортпен айналысуына мүмкіндік қарастырылған. Сонымен қатар химия кабинеті, лингофон кабинеті, ұл балалар мен қыз балалар шеберханасы және физика кабинеттері соңғы үлгідегі технологиялармен жабдықталған.

2013 жылдан бастап мектеп басшылығы қызметін Майра Өмірзаққызы атқарып келеді. Білім парасаты мен тәжірибесі толысқан педагог мектептің барлық қырынан жоғары жетістіктерге жетуіне жұмыс жасап келеді. Осы жылдар бедерінде шәкірттер де оқу озаттары атанып жүр. 2016-2017 оқу жылында Абзал Ердәулетов «Алтын белгі», 2017-2018 оқу жылында Айым Достияр «Үздік аттестат», 2018-2019 оқу жылында Айгерім Қазанбек «Үздік аттестат», 2019-2020 оқу жылында Тоқтар Абдрахман, Нұрай Қожахметова «Алтын белгі» иегері атанды. Бұл мектеп үшін үлкен жетістік болатын.

ЕРГЕШБАЕВ ЕСІМІ

Өткен жылы тәуелсіздік күні қарсаңында бұл білім ордасына Сыр елінің әлеуметтік-экономикалық дамуында із қалдырған белгілі қоғам қайраткері Нәлқожа Ергешбаевтың есімі берілді.

Мектеп жанынан мұражайы ашылып, Нәлқожа Ақбалаұлының түрлі деңгейдегі медальдары мен өзі тұтынған дүниелері көрмеге қойылды. Мұражай меңгерушісі Ақзер Өмірзақованың айтуынша, мұнда оқушылар кез келген сәтте келіп тұлғаның өмір жолы, еңбек жолдарымен таныса алады.

11 СЫНЫПТЫ 11 ОҚУШЫ БІТІРЕДІ

Биыл 11 оқушы мектепті бітіреді екен. Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуға 9 оқушы ниет білдіріп отыр. Алдағы білім сынағы бәйгеге түсетін кезеңде осы шәкірттер ұстаздар еңбегін ақтап шығады деген сенімдері бар. Барлығы өз қалауларымен таңдаған мамандықтарына түсіп, мектеп абыройын асқақтатады деп сенім білдіріп отыр.

Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім – тәрбие беру жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаз еңбегі зор. Ұлағатты ұстаздардың тынымсыз еңбегі мен үздіксіз ізденісі арқасында мектеп оқушылары көптеген жетістіктерге қол жеткізіп келеді.

ҰСТАЗ ЕҢБЕГІ – ШӘКІРТ ЖЕТІСТІГІ

Шәкірт тәрбиелеу жолында ерен еңбегімен танылып жүрген ұстаздың бірі – Күлаш Бегайдарқызы. Шәкірттері қалалық, облыстық, республикалық олимпиада жүлдегерлері атанып жүр. Педагогикалық оқуларға, ғылыми конференцияларға белсенді қатысып жеңімпаздар қатарынан көрініп келеді. Білім саласындағы еңбегі ескеріліп, «Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығының «Құрмет грамотасымен», «Бейбітшілік әлемі» халықаралық қазақ творчестволық бірлестігі «Ыбырай Алтынсарин» медалімен, облыстық білім басқармасының «Құрмет грамотасымен» марапатталған. Оқушылары Тоқтар Абдрахман республикалық олимпиадада III орын, Жеңіс Қосбаулин «Үздік ғылыми жоба» халықаралық шығармашылық конкурсында I дәрежелі диплом иегері атанды. 40 жылға жуық еңбек өтілі бар Жаңабай Ертайұлы мектепте алғашқы әскери дайындық пәнінің жетекшісі, жоғары санатты ұстаз. Ол оқушылар бойына отансүйгіштік қасиетін сіңіріп, ер жігітке тән қайсарлықты қалыптастырып келеді. «Көркем еңбек» пәнінің мұғалімі Болат Дүйсебаев – ұстаздар арасында өткен облыстық олимпиада жүлдегері. Гүлнар Жұбатқанқызы да шәкірттерін ізгілікке баулып жүрген білікті ұстаздар қатарында. Осындай ұлағатты ұстаздардың жеткен жетістіктері аз емес. Олардың әрбір шыққан шыңы шәкірт биігімен байланысып жататыны ақиқат. «Дәстүр мен дәріс» республикалық ақпараттық-танымдық журналында «Ағылшын тілі сабағында мақал-мәтелдерді қолданудың тиімділігі» деп аталатын мақаласы жарияланды.

Шәкірті «Қобыланды батыр» жырын жатқа айту бойынша «Тұлпар мініп, ту алған!» байқауында жоғары нәтиже көрсетіп, жеңіске жеткені үшін Найла Тұрсекеева қала әкімінің алғыс хатымен марапатталды.

2016-2017 оқу жылында қалалық XVIII Абай оқуларының «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» бөлімінде шәкірті Бақдәулет Томаев II орын, «Ақберен» республикалық ақындар мен шешендік өнер байқауында I орын иеленгені үшін ұстазы Бану Досмаханова арнайы дипломмен марапатталды.

2019 жылы қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткен «Үздік кәсіподақ көшбасшысы-2019» байқауында I орын иеленіп, дипломмен марапатталды. 2020 жылы «Жастар – ел болашағы» атты ақындар мүшайрасында оқушысы Сүйінбай Жұмаділдаев алғыс хат иегері атанды.

ДИРЕКТОРДЫҢ ДЕРЕГІ

– Мұғалімдердің басты ұстанымы – сапалы білім жолында саналы ұрпақ тәрбиелеу. Қазіргі таңда мектеп оқушыларына өлкетану жобасы бойынша 5-7 сыныптардың барлығында қосымша пән ретінде оқытылып жатыр. Соңғы үлгідегі шығарылған стендте киелі жерлер картасы енгізілген. Оқушылар осында телефон жүктемесі арқылы облыстағы кез келген көне қалашықтар туралы туған өлке тарихымен таныса алады. Бұл арқылы ақпараттық технологияны тиімді пайдалана білуді үйренеді. Биылғы оқу жылында физика кабинеті заманауи үлгіде толыққанды жабдықталды. Лабораториясы, LED экран мен оқушы партасы балалардың тиімді оқу үрдісін оңтайландырып тұр. Оның алдында химия, информатика кабинеттері жабдықталды. Интернетке қосылған кітапхана бұрышы жұмыс жасайды. Онда оқушыларға электронды кітаптар оқуға мүмкіндік қарастырылған. 17 мың кітап қоры бар кітапхана жұмыс істейді. Онда шетел әдебиеті мен балалар әдебиеті бар. «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында шәкірттерімізге бос уақытын тиімді пайдаланып, кітап оқу ұсынылды. Жалпы біздің білім ордамызда жаңа жүйеге көшу жүйесі қарқынды жүргізілуде. Бұл жарқын болашақ баспалдағы, – дейді мектеп директоры Майра Сәдуова өз сөзінде.

Тілші түйіні

Білім ордасында III тоқсан басталып, сыныптарда сабақ беріліп, ұстаздар мен оқушылар сағынысып қауышқандай. Түгел қатыспайды әрине. Санитарлық талаптар сақталып, карантин ережелері ескеріледі. Дегенмен онлайн жүйеден офлайн кезеңге оралатын уақытты әрбір оқушы мен ұстаз асыға күтіп келеді. Алайда алған білім сапалы болып шәкірт келешегінің керегіне жарауы тиіс. Өйткені оның өмірдің бір кірпіші болып қалануы қашанда заман талабы.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

Суретті түсірген **Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**

АКАДЕМИК

ҒЫЛЫМҒА АРНАЛҒАН ҒҰМЫР

Әңгіме арқауына айналып отырған Асқар Серкұлұлы 1972 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінің механика-математика факультетіне құжаттарын тапсырады.

Математика және математикалық модельдеу институтының директоры, ҰҒА академигі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Тынысбек Қалменов пен Алгебра және математикалық логика бөлімінің меңгерушісі, ҰҒА корреспондент-мүшесі Бектұр Байжанов біздің кейіпкеріміз туралы «Алгебрадағы Асқар асуы» атты мақала жазған. Онда ғалымды жан-жақты суреттеп, ғылымға әсіресе, математикаға қосқан үлесі кеңінен айтылады.

«Университетте жоғары алгебра бойынша дәрістерді А.И.Кострикин оқиды. Оның дәрістерінен түсінгені, ол өзі үшін ең жайлы мекен оң сипаттамалы өріс, әсіресе таңбаларды бақылап отыруды қажет етпейтін 2 сипаттамалы өріс екенін түсінді. Әл-Хорезми ережесін қолданып орыс тілін нашар білуін ол күшті қаруға айналдырды. Ол дәрістерді екі рет жазатын: аудиторияда және үйде сөздікпен қайтадан жазатын. Осындай тәсілмен әсіресе, КПСС тарихы алдындағы қорқынышын жояды. Кеңес студенттерінің айбарлы пәні оны диалектикалық материализмнің негізін қалаушылардың еңбектерін оқуға, сонымен бірге орыс әдебиетінің классиктері мен математика классиктерін оқуға үйретті. 1981 жылы В.А.Стеклов атындағы Математика институтында кандидаттық диссертациясын қорғайды (ғылыми жетекшісі – А.И.Кострикин), ал 1988 жылы институттың Ленинградтағы бөлімінде докторлық диссертациясын қорғайды. Диссертациялар оң сипаттамалы Ли алгебраларының когомологияларына арналған болатын. Асқар Серкұлұлының ғылыми қызығушылықтары әралуан: Ли алгебраларының теориясы, ассоциативті емес алгебралар теориясы және комбинаторика. Оның кейбір нәтижелеріне тоқталайық. Ноль сипаттамалы өрістегі Ли алгебралары теориясының негізінде радикалды жіктелу жайлы Леви-Мальцев теоремасы жатыр. Ол өз кезегінде, Уайтхед леммасынан шығады. Бұл лемма бойынша келтірілмейтін модульді когомологиялар нольге айналады. Сипаттама оң болған жағдайда Уайтхед леммасы дұрыс емес. Джекобсон кез келген Ли модулярлы алгебрасының жіктелмейтін модулі бар екенін дәлелдеген. Селигман кез келген модулярлы ақырлы өлшемді Ли алгебрасының ноль емес, когомологиялы модулі бар екені туралы гипотеза жасайды. Асқар Жұмаділдаев Селигманның гипотезасын дәлелдейді. Атап айтқанда, ол кез келген ақырлы өлшемді $p>0$ сипаттамалы Ли алгебрасы үшін мынадай теоремаларды жеріне жеткізеді. Сөйтіп ноль емес когомологиялы модуль табылатынын; ноль емес когомологиялары бар, келтірілмейтін модульдер шектеулі болатынын; осындай модульдердің саны ақырлы екенін айқындайды» дейді қос математик әріптестері туралы.

Асқардай академиктің Ли теориясын зерттегені белгілі. Бүгінде алгебраның бір атасына айналған атақты норвег математигі Софус Ли – әлемдік ғылымда өзіндік орны бар ғалым. XIX ғасырдың аяғынан бастап физиканың дамуы, дифференциалдық геометрия, дифференциалдық теңдеулер теориясы жаңа алгебраларды қолдану қажеттігін туғызды. Мұндай алгебралар Ли алгебралары деп аталады. Мәселен, Ли алгебрасында кез келген элементтің квадраты нөлге тең. Осындай ғажайып алгебраның математика мен физикада қолданылатын мүмкіндіктері зор екенін алғаш дәлелдеген де Софус Ли болатын.

Санның анасы – қосу мен алу, математиканың анасы – алгебра дейміз. Алгебрадан жаңалық ашқандар оны архивке жібереді, бір ғасырларда ол Ли мен Ковалевская жаңалығындай жарқ етіп жарыққа шығады. Асқардың да өмірі осындай. Ол Францияда жүріп, теңдеуі төртке тең алгебралық амалды ашып, оған Кененнің қызы Төрткеннің есімі жаңғырсын деп, «Төрткен амалы» деген атау қойды. Бұл «Алгебрадағы байланыстар» халықаралық журналында жарияланып, дүние жүзіне тарады.

Ғалымдар «Төрткен амалының» болашағы зор екенін айтады. Жүз жылдан астам уақыт бұрын Софус Ли екі векторлық өрістің композициясы міндетті түрде векторлық өріс болмайтынын, бірақ олардың коммутаторы векторлық өріс болатынын байқады. Бұл қағидат Ли алгебралары мен Ли топтары теориясының негізін құрайды. Асқар Жұмаділдаев Ли құрылымы көпөлшемді жағдайға да жалпыланатынын байқады. Егер n-өлшемді көпбейнедегі векторлық өрістердің саны n+1 саны квадратынан үшке ауытқитын болса, онда ((n+1)^2-3)- векторлық өрістің кососимметриялық қосындысы қайтадан векторлық өріс болады. Софус Лиден кейін 150 жыл өткен соң ашылған осы тамаша жаңалық Ли алгебраларының көпөлшемді нұсқалары геометрия мен физикада мүмкін екенін және олардың болашақта ашылар жаңалықтарының қайнар көзі болатынын көрсетеді.

Новиков алгебрасы оң жақ симметриялы ассоциатор тепе-теңдігімен және сол-жақ коммутативтілік тепе-теңдігімен анықталады. Новиков алгебрасының негізгі мысалы: көпмүшеліктер кеңістігіндегі a x b= a'b көбейту амалымен анықталатын алгебра. Жұмаділдаев туынды алу мен интегралдау амалдары көмегімен құрылған көбейтінділерге қатысты көпмүшеліктер алгебраларының тепе-теңдігін зерттеуді бастады. Новиков алгебрасын жалпылайтын бірқатар жаңа алгебра кластарын құрды. Мысалға, a x b=a'b+ab' көбейтіндісіне қатысты көпмүшеліктер кеңістігі 4 дәрежелі тепе-теңдікке бағынады:

(a x b) x (c x d)-(a x d) x (c x b)=(a,b,c) x d-(a,d,c) x b,

мұнда (a,b,c)=a x (b x c)- (a x b) x c – ассоциатор.

Бұл «Төрткен тепе-теңдігі» деп аталады. Тарих мұнымен бітпейді. Екі жылдан кейін a x b көбейтіндісі бес дәрежелі басқа тепе-теңдікке бағынатыны анықталды. Оны «Бескен тепе-теңдігі» деп атады. «Төрткен» алгебрасының тепе-теңдіктер базисі осы екі тепе-теңдікпен біте ме, жоқ па, оны ешкім білмейді.

Тарих енді басталуда. Ал егер «Төрткен» көбейтіндісінде дифференциалдау амалын интегралдау амалымен ауыстырса не болады? Ол жерде де төрт дәрежелі тамаша тепе-теңдік пайда болады екен. Төрткен тепе-теңдігінен бір ғана айырмасы: Төрткен тепе-теңдігіндегі ассоциаторларды якобианға және таңбаларды ауыстырса болғаны. Бұл тепе-теңдікті Төрткеннің туысы ретінде «Төртқара тепе-теңдігі» деп атаған дұрыс болады. Біз «Төрткен тепе-теңдігінің» «Бескен тепе-теңдігі» деген сіңлісі бар екенін білеміз. Ендеше, Төртқараның Бесқара деген інісін – бесінші дәрежелі тепе-теңдігі болуын күтуге болады. Оны қалай тапсақ екен? «Төрткен» және «Төртқара» алгебралары көптеген мәселелерді туындатады. Асқар осындай алгебралардың бір мысалын ғана ойлап тапты. Басқалары бар ма? Осындай алгебралардың құрылымдық теориясы қандай? Бұл алгебралардың басқа апалары мен ағалары бар ма? Дифференциалдау, интегралдау амалдары көмегімен көбейтінділерді көптеп ойлап табуға болады. Кейбір алгебралар өте қызық, кейбірі қызық емес. Оларды қалай айыруға болады, қалай жіктеу керек? Бұл сұрақтар өз зерттеушілерін күтіп жатыр. Бұл осы саланың білгір мамандары – Т.Қалменов пен Б.Байжановтың пікірі.

ТАРИХИ ШЕШІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУҒА ҚАТЫСҚАН

Асқар Жұмаділдаев туралы сөз қозғағанда оның қайраткерлік қырын айтпай кетуге болмайды. Атақты ғалым Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің XII және XIII шақырылымдарының депутаты болды. 1993 жылы ол Қызылорда қаласы бойынша сайлауға түсті. Он үш бәсекелестің арасынан топ жарды. Оның сайлауалды тұғырнамасында дарынды жастарды қолдайтын арнайы қор құру туралы ұсыныс бар еді. «Болашақ» бағдарламасы аясында он мыңнан аса қазақ жастары шетел университеттерінде білімін жалғастыруға мүмкіндік алды. Асқар Жұмаділдаев – Парламенттің Қазақстанның Тәуелсіздік туралы декларациясы, Қазақстанның Тәуелсіздігі туралы Заңы, Қазақстан Республикасының бірінші Конституциясы және Қазақстан Респубикасының Тұңғыш Президентінің алғашқы сайлауы сияқты тарихи шешімдерді қабылдауына қатысқан қайраткер азамат. Ол XII шақырылған кеңесте С.Зиманов, Ө.Жолдасбеков, С.Сартаев, Ш.Есенов, М.Қозыбаев, Қ.Мырзалиев, Ш.Мұртаза секілді ел таныған ағаларымен қатар отырды. XIII шақырылған Жоғарғы Кеңесте тәуелсіздік декларациясы қабылданды. «Қазақша білетін адам ғана Президент бола алады» деген ұсыныс түскен екен. Сонда Асқар Жұмаділдаев «Қазақ тілін еркін сөйлеп, жаза алатын адам ғана Президент бола алады» деген түзету енгізеді. Козлов деген депутат: «Неге менің балам Президент болмауы керек?» деп қарсы дау айтқан. Сонда дарабоз тұлға «Сіздер болдыңыздар, әлі де болмай қалмайсыздар, әуелі тұрған жеріңіздің тілін үйренетін уақыт жетті» деп жауап береді.

Асқар Жұмаділдаев Еуропа елдеріндегі атақты университеттерде жұмыс жасады. Ыстамбұл, Амстердам мен Франкфурттың әуежайларында ол көптеген атақты адамдарды жолықтырды. Осындай сәттің бірінде, бір рейстен екінші рейске өтіп бара жатып Шыңғыс Айтматовты кездестіреді. Сонда «Боранды бекетте» екі қате бар. Менің атам Үсенді сіз Едіге деп атапсыз, Бөріойнақ разъезін Боранды бекет деп атапсыз. Ал қалғанының бәрі тура романда суреттелгендей болды», – депті Асқар ағамыз заңғар жазушыға қарап. Шыңғыс Төрекұлұлы Асқарды құшақтап: «Иә, шынымен де сен айтқандай болды, әрине, мен сенің атаң Үсен туралы, Бөріойнақ разъезінің жол қараушысы жайлы жаздым», – депті. Қаламгер Едігенің осындай мыңдаған прототиптерін болғанын айтпады. «Бұрын еуропалықтар қазақтарға ғылым үйретсе, енді ғылымды оларға қазақ үйрете жатыр. Дүние қалай-қалай өзгереді, ә?!», – депті Айтматов. Асқар Жұмаділдаев әлемнің бір қиырына асықса, Шыңғыс Айтматов екінші қиырына асығып бара жатты. Бұл жазушы мен математиктің алғашқы да әрі соңғы кездесуі болыпты.

Бүгінде 60-тан асқан ағамыз ойын еркін жеткізетін, ұтымды ұсыныс айта білетін, қоғамда болып жатқан оқиғаларға өзіндік көзқарасын, пікірін білдіретін ел ағасына айналды. Ол мемлекеттік деңгейдегі жоғары сыйлықтармен марапаттауға байланысты үш ел президенттерінің қабылдауында болды. 1995-1996 жылдары Гумбольдт қорының стипендиаты атанды. Осыған байланысты оны Германия Федеративтік Республикасының Президенті Р.Герцог қабылдады. 2011 жылы Елбасы Н.Назарбаев оған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын табыс етті. 2012 жылы Иран Ислам Республикасының Президенті М.Ахмадинижад оны халықаралық Әл-Хорезми сыйлығымен марапаттады.

МАТЕМАТИКАНЫ ПОЭЗИЯМЕН ҰШТАСТЫРҒАН

Осыдан бірнеше жыл бұрын Асқар Жұмаділдаевтың 60 жасқа толуына орай Шиелі ауданындағы «Салтанат сарайында» ғалыммен кездесу өтті. Сол жерде академик туралы біраз сырға қаныктық. Оның ақындық қабілетінің бар екенін де сонда білдім.

Математиктің өзі: «Абай хакім тұрғанда мен хакім емеспін,

Иранбектер тұрғанда мен ақын емеспін» – дейді. Сонда да есепті шемішкедей шағатын жерлесіміздің көп айтыла бермейтін осы қырына арнайы тоқталғанды жөн санадық.

– Жан сезім ұшардай боп әрең тұрар,
Синустар өзгелерден сәлем сұрар.
Алайда домбырамен кездескенде,
Иіліп домбыраға сәлем қылар, – деген жолдар ғалымның өнердің өзін математикамен байланыстыратынын айғақтап тұр. «Мәскеудегі домбыра» деп аталатын осы бір өлең:

– Домбыраны қос ішек еңіретті,
Жастықтың жайлауынан өмір өтті.
Аяндап алпысқа да жетіп қаппыз,
Айқайлап шулатпай-ақ төңіректі,– деген ойлармен сабақталады. Ал «Сыр-Ана» деген өлеңінде туған жерге деген сағыныш суреттеледі.

– Жүгіртетін жыр қалам,
Сағынышты сыр ғана.
Алыстағы бір балаң,
Есепте ме Сыр-Ана? – деген жолдар сөзімізге дәлел.

Академик шетелдерде көп болды. Оның туған елін, туған жерін, Сырдариясын, балалық шағы өткен Шиелісін сағынуы заңды да. Ағамыздың Шиелі туралы бірнеше өлеңі бар. Туған жеріндегі кездесуде оқыған мына өлеңі құлақ құрышын қандырып, жүрек түкпіріне ұялаған еді.

– Балы тамған жас қамыс,
Бал құрақтай Шиелім.
Бал бұраусыз баспаңыз,
Көңіл-күйдің тиегін.
Шиелі ғой жыр-өңір,
Айтайықшы ән қылып.
Бір күн өтер бұл өмір,
Туған жерің – мәңгілік.
Жусан менен жыңғылдың –
Жүрек тербер мекені.
Жыңғыл дейді мың жылдық,
Роза гүлің не теңі?
Таңертеңгі ауасы,
Самал жел боп еседі.
Жанға шипа дауасы,
Топырағы, кесегі.
Күн батады балбырап,
Мал қайтады бесінде.
Сары құмда бал құрақ,
Сурет қалды есімде.
Арман қуар нұр-таңың,
Дамылдатпас сені де.
Анда-санда ұрпағым,
Алар еске мені де.

Асқар ағамыз туралы жазу да, айту да оңай емес. Алайда ол кісі жайлы жазылған мақала, академиктен алған сұхбаттар баршылық. Осы мақаланы жазу барысында сол дүниелерді пайдаландық. Өз басым ғалым ағамызды бірнеше рет көрдім. Ыбырай Жақаев атамыздың 125 жылдығына арналған мерейлі мерекеде аудандық газеттің редакциясына соғып, «Өскен өңірде» өз қолтаңбасын қалдырды.

Айгүл Аханбайқызы республикалық «Жас Алаш» газетіне А.Жұмаділдаев жайлы мақала жазып, математиктің кеудесін үнемі шабыт қысып, әсем бір ғажайып күй ойнап жүретін көрінеді деген ой білдіреді. Шынында, даланың дархандығын кеудесіне сыйдырған ғалымның жүрегін күй мен жыр кернемегенде қайтсін?! Ол жүрек түкпіріндегі сөзді өлеңге айналдыра білді. Оның ерекшелігі математиканы поэзиямен ұштастыра білуінде жатыр.

Академик Асқар Жұмаділдаев – ешкімге ұқсамайтын өзіндік жолы бар дара тұлға. Ол 25 жасында ғылым кандидаты, 31 жасында физика-математика ғылымдарының докторы болды. Атақты математик Германиядағы Мюнхен, Билефельд университеттерінің профессоры болып, Кембридж университетінің жанындағы Ньютон институтында, Италиядағы «А.Салам» атындағы халықаралық теориялық физика орталығында, Швеция Корольдік Ғылым академиясының «Миттаг-Лефлер» математика институтында қызмет атқарып, лекциялар оқыған. Германияның, АҚШ-тың мемлекеттік стипендиаттарын, Швеция Корольдік Ғылым академиясының грантын иеленген. Оның жеткен жетістігі әлем ғалымдары тарапынан оң бағасын алған. Ғылымға терең сала жүріп, қазақ жұртын күллі әлемге мойындатқан.

Басы 1-бетте

СЫР СҮЛЕЙІ

«Сыр – Алаштың анасы». Бұл – көненің көзі, мәдени мұралардың асыл көмбесі, талай тарихты қойнауына бүккен, көптеген тарланды қанаттандырған қасиетті мекен. Сондай-ақ Сыр елі – жыр сүлейлері шыққан киелі өңір. Сол себепті де «Сыр елі – жыр елі» деп айтылады.

Олай болса «Сыр сүлейі» айдары бойынша біз оқырмандарымызға Сары жырау жайлы мақаланы ұсынғанды жөн көрдік. Жалпы Сары жырау кім болған, қалай жырау атанған? Алдымен әңгімемізді осыдан бастасақ...

Сары жырау Қанатұлы 1873 жылы Сыр бойындағы Қамбаш көлімен жалғасқан Қаязды көлі маңындағы Қаязды аталған елді мекенде дүниеге келген. Ол Асан батырдан тарайтын ұрпақтар болып саналады. Мысалы, Асан батырдан – Шеру, одан Мырзағұл – Айдау, Қойбағар, Қанат, одан Жансүгір – Мұса, Шамшадин, Ерпайыз тараған. Ал Қанаттан – Айсүгір, Жансүгір, Күнсүгір атты бала болса, үшеуі де ержеткенде елінің мақтанышына айналған азамат болыпты.

Айсүгір – зергер. Бізінің ізі білінбейтін етікші. Ағаштан түйін түйген, сүйектен домбыра жасайтын ұста болса, Жансүгір өнерімен елге танылған. Өзі әнші, сазгер, күйші, жыршы, ақын болған. Үшінші баласы Күнсүгір – Көкілташ, Түркия, Иран медреселерінде білім алып, ахун дәрежесіне жеткен ғұлама, тақуа адам болыпты. Ағайынды үш жігіттің үшеуі де өз дәуірінде халқының құрмет тұтар мақтаныштарына айналыпты.

СЕГІЗ ҚЫРЛЫ, БІР СЫРЛЫ САРЫ ЖЫРАУ

Жыраудың шын аты кім?

Ендігі әңгімеміз Жансүгір жайлы болмақ. 2016 жылы шыққан облыстық «Сыр бойы» газетінде Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Шыңғыс Айбосыновтың мақаласында: «Жансүгір Қанатұлы Сыр бойындағы Қамбаш көлімен жалғасқан Қаязды көлінің жағасындағы Қаязды елді мекенінде дүниеге келген. Осы өңірде 1873-1927 жылдары өмір кешкен. Бүгінде Қаязды көлі кеуіп кеткендіктен ондағы мекендеген халық басқа жерге қоныс аударған. Мұнда төмпешік боп ескі үйлер мен бейіт орны ғана қалған екен» деп келтірілген.

Жастайынан сезімтал Жансүгір өнегелі әңгімеге жаны құмар, ән айтқан жиын-тойлардан қалмайтын, ауылға келген әнші-жыршыларды жалықпай тыңдайтын ерекше бала болып көзге түсе бастайды. Сөйтіп ән қуып, басқа ауылға кетіп қалуды да шығарды. Өзі де ән айтатын, жыр жырлайтын дәрежеге жетті. Күй тарту өнерін де меңгеріп, күйші атанады. Аты ауыл арасынан алыстап ұзай берді. Сөйтіп Жансүгірдің айтқан әні, жырлаған жыры, тартқан күйі ел арасына кең тарады. Өзі ақын, әнші жігіт қай жерге барсада ортамен тез тіл табысып, елдің қадірлейтін өнерпазына айналды.

Иығында жолбарысы бар

Жансүгірдің інісі Күнсүгір мешіт ұстап, елді имандылыққа тәрбиелеген үлкен ғұлама болғанын әңгімеміздің басында айтқан едік. Сол кезде ел арасында Күнсүгірге «өзің мешітте діни өкілсің, ал ағаң болса айналасына жастарды жинап алып домбыра тартып, ән айтып ауыл-ауылды жағалап жүр» деген сияқты әңгімелер айтыла бастайды. Мұны естіген Күнсүгір ағасына домбыраңды таста деп айтуға бара жатады. Содан алдынан шығып оған жақындай бергенде ағасының екі иығында екі жолбарыстың отырғаны көзіне елестейді. Қанша айтқанмен ғұламаның көзі қарақты екені белгілі. Сөйтіп Күнсүгір ағасының тегін адам емес екенін аңғарады.

Оны ағасы Жансүгір де сезсе керек. Содан кейін інісі «ағам тегін адам емес. Бір құдірет бары анық. Домбыраңды, жыраулық өнеріңді таста деп айтпайын, одан да өнеріңді елден тыс жерге барып көрсет дейін» деген тоқтамға келеді. Күнсүгірдің бұл ойын білген Жансүгір елден кетіп, Жайық бойында, одан кейін Сарыарқада ұзақ уақыт жүріп, елмен араласып серілік жасап, өнерімен халықтың ықыласына бөленеді. Міне, солай Сары жырау атаныпты.

Тақиясы меңіне тірелген

Тумысынан өңі сары, сұлу да сымбатты болып өскен Жансүгір ержеткенде кеуделі де қапсағай келген қыр мұрынды, кімді де болса көрген кезде өзіне назарын аудартатын сегіз қырлы, бір сырлы жігіт болыпты. Сары жырау ән айтқанда даусы жағымды, әуені мың бұралып алысқа шырқалып кетеді екен. Ол көптеген әндермен қатар бірнеше күй шығарған. Шығармашылық өнерінің көп уақыты елден тысқары жерде өткендіктен, туған жерінде көп сақталмаған.

Білетіндердің айтуы бойынша, Сары жырау өзінің жақтастарымен біраз уақыт Жайық бойындағы Бескүрек деген жерде сауық-сайран құрып жүрген көрінеді. Жайық бойында жарты патша атанған Дербісалы деген аса ауқатты бай адам болған. Баласы Петербургте оқыған сол заманның сауатты азаматы болса керек. Әкесі баласына соңғы патша Николайдың ағасы Александрдың қызын алып беріп, Жайық бойында ат шаптырып үлкен той жасапты. Сол тойдың бас-аяғында өнер көрсеткен Сары жырауға бүкіл жиналған жұрт риза болып тарқасыпты дегенді көнекөз қариялар кешеге дейін айтып отырады.

Ол өзінің Жайық бойында болғандығын:

– Мен бардым Бескүрекке
жыр жырлауға
Алған соң домбыраны омырауға.
Қанат бітіп қалықтап кетуші едім,
Дауысым келуші еді мың бұрауға.
Өз атым – Жансүгір түсім – Сары,
Сондықтан Сары жырау дейді
жұрттың бәрі,
Құбылтып әуеніме салғанымда,
Тыңдаушы еді жалықпастан
жас пен кәрі, –

деп жырға қосқан.

Сары жыраудың шашы мен маңдай тұсының қосылған жерінде үлкен қал тәріздес меңі болыпты. Жыр жырлап отырғанда басындағы тақиясы жыр ырғағымен қозғалып, төмен түсіп, әлгі меңге ілініп тұрады екен. Сары жырау өз заманында Орынбор, Ташкент қалаларына барып та жыр жырлаған деген әңгіме бар.

Жалпы Сары жыраудың бірінші әйелінен Мұса, Иса есімді балалары, екінші некеден Жампоз, Жанкелді, Жайберген деген үш баласы болыпты. Бұл үш баланың үшеуі де Ұлы Отан соғысына қатысып, майданда ерлікпен қаза тапқан. Ал Мұсадан Молдабай, Шамшадин, Рахима есімді ұрпақ өрбіді. Исадан ұрпақ жоқ көрінеді. Әйткенмен бүгінде Сары жыраудай асылдың ұрпақтары жалғасуда. Міне, ұрпағы барда оның есімі ел ішінде ұмытылмайды.

Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ

ТУ ҰСТАП ҰРАНДАТТЫМ, БІЛСІН ДЕП ӨЗГЕЛЕР АЙБЫНЫМДЫ

Әлеуметтік желілерде қазақ ұлдарының қолына ту алып, ат үстінде жүрген бейнеролигі тарауда. Ат тұяғын дүбірлеткен маң далада ер жігіттердің көк туды желбіретіп жатқаны жарасым тауып тұрғандай. Бұл исі қазақтың даласына рух беріп, жігерін жанып жатқандай.

Бұл Алматы облысында «Менің туым – Менің Отаным» деген атаумен өткізілген республикалық шара. Атқа мінген бір топ адамның ту ұстап, тас жолмен келе жатқан бейнероликтері әлеуметтік желілерде желдей ескен еді. Онда аттылы кісілердің Алматы облысы Нарынқол, Кеген ауылдарынан екені айтылады. Әуесқой видеотүсірілімнен шеруді патрульдік полиция экипаждары бастап жүргенін байқауға болады. Ал жолдың жиегінде жалау ұстаған халық шерушілер легін қолпаштап жүр.

Мұндай бейнероликтер есепсіз тарап жатыр. Бірақ ресми ақпарат көздерінде бұл шараның қандай мақсатта ұйымдастырылғаны айтылмайды. Қатысушылар мұның челлендж екенін айтуда.

Бұл челлендж қазаққа рух берері сөзсіз. «Ат – ер қанаты». Жылқыны алғаш қолға үйретіп, рухани тұтастықта тәрбие құралына айналдырған, «аттың жалында, түйенің қомында өскен» қазақтай жылқы қасиетін танып білген халық жоқ. Қазақты халық ретінде қалыптастыруда жылқының жан дүниемізге жасаған әсерінің жөні бөлек. Төзімді, шыдамды, көнбіс болсақ та кесіп айтатын турашылдығымыз тұяғымен жер тарпып, тыпыршып тұратын жылқыдан жұққан мінезімізден. «Қазақ жылқы мінездес» деген сөз содан айтылса керек.

Әлеуметтік желіде бұл челленджге байланысты түрлі пікірлер жазылуда. Соның бірі журналист Сағындық Сәбитұлы былай депті:

– Қазақ атам – «аттан түсіп амандас, сөйлес» деуі бекер емес. Атқа мінген жігіттің арқасы қозып, рухы оянатыны шындық. Әсіресе, мынау біздің Қызылжар өңірінің аз қазағы, бар қазағы дүр сілкініп, атқа мініп, көк байрақты желбіретуі, доқ көрсеткендерге «мен бармын, бұл жердің иесі мен, атамнан қалған мұра, тоқымдай жерімді бермеймін де, бастырмаймын да, басындырмаймын да!» дегені. Сондықтан «қолыңнан бар келетіні атқа міну» деп шымшылап мысқылдап, кесірлене кекету жөн емес. Иә, біз азбыз, бірақ бармыз! Мынау теріскейдегі Шал ақын ауданының жігіттері атқа мініп, байрақты көтерген сәті. Осы жерде отырған әр қазақтың баласы үшін атадан қалған жер мирас, аманат! Жігіттер аманатқа адалмыз деп шығып отыр. Қыртып, пернетақтаны тарсылдата бергеннен гөрі, сіз де ұлтқа пайдаңызды тигізіңіз! Ал біздің азаматтардың ту көтеруі – елсүйгіштігінің белгісі, Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына тартуы. Алға! – деп жазды ол әлеуметтік желіге.

Бұл челлендж туралы облыстық жастар ресурстық орталығы не дейді?

– Қазақ елі жылқыны – ежелден жеті қазынаның бірі, малдың патшасы санағаны белгілі. Себебі адам үшін атқаратын қызметі өте зор. Ерекшелігіне келетін болсақ, жылқы терісінің исіне жылан жоламайды. Тазалықты сүйетін жануардың еті мен сүті ем. Лай суды ішпейді, іздеп жүріп шөптің асылын жейді. Мұның барлығы – тектіліктің белгісі. Жасына қарай жабағы, тай, дөнен, құнан, бесті, ат болып бөлінеді. Қазір қоғамда түрлі челленждер өткізіледі. Ал мұндай рухани тұрғыдан маңызы зор шараның жастар үшін берері мол, – дейді облыстық жастар ресурстық орталығы директорының орынбасары Талғат Тілес.

Басы 1-бетте

Елге үлгі болған әз-әже

Елбасы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында төл тарихымызға, бабаларымыздың өмір салтына бір сәт үңіліп көрсек, шынайы прагматизмнің талай жарқын үлгілерін табуға болатынын айтып өтеді. «Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек» дейді Н.Назарбаев. Осы ретте Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романындағы Зере анамызды сөз етіп, көпке үлгі қылғанды жөн көрдік.

Зере десе есімізге бірден хәкім Абайдың әжесі түседі. Жұрт жадында ел анасы ретінде сақталған осы бір әз-әженің есімін бүгінде мыңдаған аруларымыз иеленіп жүр. Сондағысы қыздары Зередей көптің қадірмендісіне айналсын деген ата-аналардың ақ-адал ниеттері.

Қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы арқылы Зере әжеміздің бейнесін тамаша берген. Оны ұлттың берекесі мен елдің ынтамағына ұйтқы болатын қазақ әжелерінің керемет қасиеттері арқылы бейнелеген. Сөйтіп, халықтың шын мәніндегі ел анасы екенін көрсеткен. Бір сөзбен айтқанда, Әуезов қазақ әжесінің жиынтық бейнесін Зере арқылы сомдаған.

Ұлтқа үлгі болған жанның азан шақырып қойған аты Тоқбала екен. Ол шамамен 1785 жылы дүниеге келген. Қолда бар деректерге сүйенсек, ол Өскенбай бидің бәйбішесі, атақты Құнанбайдың анасы. Картайған шағында құлағы естімей қалған ел анасы немерелеріне дұға оқытып, үшкіртеді екен. Сондай кездерде Абай әжесін өлеңмен үшкірген. Жүрегі мейірімге толы Зере немерелерінің ішінде Ибраһимді ерекше жақсы көріп, оны Абай деп еркелеткен. Оның болашақта дана да, дара ақын болуына әжесінің септігі тиген.

Зере анамыз 1873 жылы қайтыс болған соң, баласы Құнанбайдың ұйғаруымен Жидебай қыстауының жанына жерленген. Абай ауылының азаматтары 1986 жылы қабір айналасын қайтадан жөнге келтіріп, Зере бейітінің басына Шығыс үлгісімен алты қырлы кесене тұрғызды.

Бүгінгідей рухани жаңғыруға бет алған елімізде көпке үлгі болатын әз-әжелеріміз аз емес. Сол себепті жұртшылық өмірге келген сәбилерінің есімдерін Зередей ананың атымен атауда. Лайым, қазақ жерінде сондай аналар көп болсын деп тілейік. Сонда бізден Құнанбай да шығады, Абай да туады.

А.АҚЫЛБЕК

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4799 Тапсырыс №78

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Ақтолқын НҰРЛЫБАЙҚЫЗЫ